

"Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімшелеріне және ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелеріне жәрдем көрсетуі үшін материалдық-техникалық жарақтандыру, ғимараттар мен құрылыштарды салу, реконструкциялау және жөндеу тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлік 2015 жылғы 27 маусымдағы № 567 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлік 2019 жылғы 15 тамыздағы № 720 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 тамызда № 19272 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1."Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімшелеріне және ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелеріне жәрдем көрсетуі үшін материалдық-техникалық жарақтандыру, ғимараттар мен құрылыштарды салу, реконструкциялау және жөндеу тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлік 2015 жылғы 27 маусымдағы № 567 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11808 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 17 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы бүйрықпен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімшелеріне және ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелеріне жәрдем көрсетуі үшін материалдық-техникалық жарақтандыру, ғимараттар мен құрылыштарды салу, реконструкциялау және жөндеу тізбесінде:

2-тармаққа орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тілдегі мәтін өзгермейді;

11-тармақта:

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) құтқару станцияларының ғимараттары мен құрылыштары кешендерін салу;

8) "Құтқару станцияларының ғимараттары мен құрылыштары кешендерін салу" үлгілік жобасын құрылыштың нақты алаңына байланыстыру;";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) "Өрт сөндіру бөлімдері мен құтқару станциялары объектілеріне коммуникациялық құрылыштарды салу, реконструкциялау, жана талшықты-оптикалық байланыс желілерін төсеу" үлгілік жобасын құрылыштың нақты алаңына байланыстыру ;".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты

E. Тургумбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК